

2021 жылғы «16» наурыз
№ 30 бүйрекімен
БЕКІТІЛГЕН
«Айгөлек» бобекжайы» КМКК Директоры
В.Ю.Бажбенова



Караганды облысы білім баскармасы
Балқаш қаласы білім бөлімінің
«Айгөлек» бобекжайы» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорынының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-
қызметінің ережесі

Квазимемлекеттік сектор субъекттері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешен
институтын ұйымдастыруға арналған әдістемелік үсіністар негізінде құрастырылды.
2020 жылды 30 жесінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) тарағасы бекіткен

А.Ж.Испекбаев

Балқаш қаласы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Айғолек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген.

2. Осы Әдістемелік ұсынымдарда ұғымдар мынадай мағынада колданылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиісті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік қасіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, катысуышысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

3) мұдделер қактығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық жағдайында аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттемелерін орындауына және (немесе) тиісінше орындауына алыш келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

3. Бұл ереженің колданылу мерзімі шектеулі емес. Ереже жаңасы кабылданғанға дейін жарамды.

2 -тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа

карсы комплаенсті (бұдан әрі - сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет) жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл туралы заңнамасына және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтер жұмысының негізгі мақсаты тиісті ұйымның (компанияның) және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеүшілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сакталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимылдың негізгі қағидаттарының сакталуын қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру.

7. Сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылығының сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;

2) сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүйелілігі;

4) сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет жұмысының акпараттық ашықтығы;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенсті жүзеге асырудың ұздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенсті жетілдіру.

3 - тарау. Сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтердің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

8. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшесіне сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы немесе алкалы аткарушы органды (болған кездे) кабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет туралы тиісті акт квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында

орналастырылады және үйымның барлық жұмыскерлерінің назарына жеткізіледі.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыруға тартылған квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің санын үйымның штат санына байланысты және үйымның барлық бөлімшелерінде, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің еншілес үйымдарында, филиалдарында, өкілдіктерінде және өзге де оқшауланған бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары мен міндеттерін тиімді орындау үшін қажетті мөлинерде айқындаған жөн.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің алқалы органға (болған жағдайда) немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заннамасы нормаларының сакталуын бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген өзге де адамға есеп беруін қамтамасыз ету үсінілады.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмыскерінің функционалдық міндеттемелерін, құқыктары мен жауапкершілігін оның лауазымдық нұсқаулығында не жұмыскерлердің қызметтік құқыктары мен міндеттерін айқындастын өзге де құжаттарда айқындаған жөн.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай функцияларды жүктеу үсінілады:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғыру;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

4) мұдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

5) мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Занға сәйкес сактауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;

6) корпоративтік әдеп құныбылықтарын дамыту;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сактауын бақылау;

8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 казандағы №12 бүйріғына сәйкес азamatтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы акпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

10) сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;

11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

12) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

13) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.

14) квазимемлекеттік сектор субъектісі жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік әдеп пен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті түрде сакталуын көздейтін ережелерді косуды камтамасыз ету.

13. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқыктар мен міндеттемелерді беру үсынылады:

1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шенберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын акпарат пен материалдарды сұрата және ала алды;

2) олардың құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге тұлғаның («Айгөлек» бөбекжайы» ҚМҚҚ) қарауына шығаруға бастамашылық жасай алады;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар түралы келіп түсken хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасай алады;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыреті шегінде іске асыруға қатыса алады;

5) олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер ұйымдастыра және өткізе алады;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы акпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік акпараттың құпиялышының сактауға міндетті;

7) сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялышының камтамасыз етуге міндетті;

8) сыйбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын және/немесе сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге де адамды (органды) уақтылы хабардар етуге міндетті;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыра алады.

14. Сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызметке азаматтар тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлықка карсы заңнаманы бұзудың орын алған немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алатын, сыйбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алатын ақпарат арналарын (мысалға, сенім телефоны немесе «қауырт желі») күру ұсынылады.

15. Сыйбайлас жемқорлық комплаенс-қызмет жұмыскері мұдделер қактығысына (каржылық, мұліктік, туыстық немесе өткізілетін іс-шара шеңберінде кандай да бір өзге мұдделіліктің болуы) әкеп соктыруы мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) катыспауы керек.

16. Сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызметі үйім жұмыскерлерін жұмыска қабылданған сәттен бастап басқа лауазымға тағайындалған кезде, сондай-ақ біліктілігін арттырған кезде (жылына, кемінде, 1 рет) сыйбайлас жемқорлықка карсы заңнама талаптарына жүйелі оқытуды камтамасыз етуі керек.

Оқыту нысандарын өткізу әдістерін (дәрістер, семинарлар, тренингтер) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет дербес айқындайды.

17. Сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызметтердің мемлекеттік органдармен өзара іс-кимыл тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі күжаттарында белгіленеді.

18. Сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызметтерге әдістемелік және ақпараттық колдауды сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті орган мен оның аумактық болімшелері көрсетеді.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметке сыйбайлас жемқорлықтан алдын ала сактандыру жонінде жүргізілген іс-шаралар бойынша есепті:

1) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметі есеп беретін адамға («Айғөлек» бөбекжайы» ҚМҚК), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына тоқсан сайын жолдау;

2) жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі айдын 10-күніне квазимемлекеттік сектор субъектісінің реңми интернет-ресурсында орналастыру ұсынылады.

20. Квазимемлекеттік сектор субъектісіне сыйбайлас жемқорлықтан алдын ала сактандыру бойынша жүргізіліп жаткан іс-шаралар туралы өзінің контрагенттерін, іскерлік әріптестерін, азаматтық коғам институттарын тұракты негізде хабардар ету ұсынылады.